

1. Фонематикалық естуді дамыту кезіндегі әдіс-тәсілдер
 - A) дыбысты түзету мен машықтандыру
 - B) дыбыс айтуын дамыту
 - C) дыбыс пен әріпті салыстыру
 - D) дыбыс айтуын тексеру мен бекіту
 - E) дыбысты талдау, жинақтау, салыстыру
2. Арнайы педагогиканың пәні
 - A) арнайы білім беру үрдісін дамыту
 - B) арнайы мектептегі тәрбиелік іс шаралар жүйесі
 - C) ерекше білім беруді қажет ететін тұлға
 - D) арнайы оқытудың теориясы мен тәжірибесі
 - E) арнайы мектептегі түзету шаралары
3. Арнайы білім беруде анкета алуға қойылатын талаптар
 - A) сұрақтан кейін жауабын дәлелдеу, растау
 - B) сұхбаттасу мен әңгімелесу сұрақтарына сәйкес болуы
 - C) жауап беру уақыты шектеулі болуы тиіс
 - D) анкета алу алдында анкета алушыны бақылау
 - E) сұрақтары нақты тақырыпқа, анкета алушы ерекшелігіне сай болуы
4. Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеуде жазалау әдісін қолдануға болады
 - A) қателік жасаған балаға психологиялық көмек ұйымдастыру арқылы
 - B) баланың таным процесс ерекшеліктерін ескеру арқылы
 - C) ата-анасының келісімі бойынша
 - D) қарым-қатынасын арнайы ұйымдастыру арқылы
 - E) бала өз жасаған қателігің түсінген жағдайда
5. Арнайы педагогтардың кәсіби қызмет түрлері
 - A) оқыту-зерттеу, білім беру, ұйымдастыру, диагностикалау
 - B) зерттеу, алмастыру, жалпылау, жүйелеу
 - C) топтастыру, жүйелеу, кемелдендіру
 - D) зерттеу, мазмұндау, жалпылау, жіктеу
 - E) мазмұндау, бақылау, жүйелеу, баяндау
6. Кәсіби еңбектің дәйекті түрін анықтап, арнайы техникалық құралдарды пайдалануға үйрету, жұмыс орнына бейімдеу
 - A) әлеуметтік бейімдеу жұмыстары
 - B) кәсіби білім беру
 - C) кәсіби еңбекпен сауықтыру
 - D) психологиялық қолдау көрсету
 - E) кәсіби бағдарлау
7. Арнайы педагогиканың әлеуметтік-мәдени негізделуінде ХХ ғасырдың ортасынан кейін қалыптасқан тұлғаны әлеуметтік оңалту концепциясында арнайы білім берудің құндылығы ретінде қарастырылады
 - A) бұзылыстың түрін анықтап, емдік шаралар ұйымдастыру
 - B) мүмкіндігі шектеулі тұлғаны қоғамнан оқшаулау
 - C) кемістікті түзете отырып, қоғамдық пайдалы еңбекке даярлап қосу
 - D) мүмкіндігі шектеулі тұлғаны ата-аналарының тәрбиесіне беру
 - E) мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды пайдасыз адамдар қатарына қосу

8. Ми жарақаттану, мидағы абцесс, энцефалит ауырулар салдарынан жартылай немесе толығынан сөйлеу қабілетінен айырылу
- A) тұтықпа
 - B) дисфония
 - C) афазия
 - D) алалия
 - E) дизартрия
9. Арнайы педагогиканың әлеуметтік-философиялық негізделуі мүмкіндік береді
- A) кемтарлықты пәнаралық тұрғыдан зерттеуге
 - B) тарихи-философиялық аспектіліктерімен байланыстыруға
 - C) арнайы педагогикалық құндылықтарын анықтауға
 - D) онтологиялық аспектіні тереңдетуге , педагогикалық құндылықтарын анықтауға
 - E) мүмкіндіктері шектеулі тұлғаның әлеуметтік жағдайын кешенді, жүйелі қарастыруға
10. Ғылыми зерттеу қысқа мерзімді тексеру мен лонгитюдті тексеру болып бөлінеді
- A) зерттеу тақырыбы бойынша
 - B) зерттеудің ғылыми болжамы бойынша
 - C) зерттеудің нысаны бойынша
 - D) мақсаты мен мерзімі бойынша
 - E) ғылыми зерттеу әдістеріне сәйкес